



ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

№ 47/743

26 ноября 2021 года

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН!

С ДНЁМ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

Құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан қоғамы тәуелсіздік алған жылдар ішінде дербес дамудың өтпелі кезеңіндегі қиындықтар мен сынақтарды еңсеріп, ілгерілеу мен өркендеу жолына шықты.

Елбасымыздың халық игілігін көздеген саясатының арқасында біз алға қойған басты міндет - халықтың әл-ауқатын нығайту, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында сенімді түрде алға жылжып келеміз.

Қымбатты жерлестер!

Баршаңызды Қазақстан тарихында еркіндік пен мемлекет қуаттылығының басты нышаны болып табылатын осынау айтулы мерекеміз құттықтай отырып, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық және өмірдегі бар ізгілікті тілейміз!

Құрметпен

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

С. Сатаев
Б. Сәрсембеков

Уважаемые жители города!

Примите самые искренние поздравления с государственным праздником - Днем Первого Президента Республики Казахстан!

День первого Президента в Казахстане – это день исторического выбора, единства и согласия народа. Институт президентства стал гарантом стабильности основ конституционного строя, способствовал становлению и дальнейшему развитию нашей государственности.

Сегодня Казахстан экономически сильное и демократически развитое государство, занимающее прочные позиции в мировом сообществе.

Дорогие земляки!

Сегодня Казахстан стал государством с прочно установившимся межнациональным согласием, достигшим изменений во всех направлениях общественной жизни, постоянно развивающейся экономикой, наукой и культурой.

Желаем Вам и Вашим семьям крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия, мира и согласия, удачи во всех начинаниях.

С уважением

Акима города
Секретарь маслихата

С. Сатаев
Б. Сәрсембеков



ПЕРВЫЙ ПРЕЗИДЕНТ – ЕЛБАСЫ

Нурсултан Абишевич Назарбаев — Первый Президент Казахстана и Елбасы, избран 1 декабря 1991 года на первых всенародных выборах. Личность Н.А. Назарбаева знаменует собой целую эпоху в жизни страны. Он стал первым президентом молодого государства, фактически находившегося в то время, с его слов, «у края пропасти».

Нурсултан Назарбаев сыграл в истории Казахстана такую же масштабную роль, какую сыграли в развитии своих государств такие всемирно известные реформаторы как Мустафа Кемаль Ататюрк в Турции, Шарль де Голль во Франции, Махатхир Мохаммад в Малайзии, Ли Куан Ю в Сингапуре, Дэн Сяопин в Китае.

Миссия пробуждения национального духа и возрождения нашей государственности легла на плечи одного из титанов современной глобальной политики — Нурсултана Назарбаева, исполнская фигура которого будет служить незыблемым ориентиром для благодарных потомков на протяжении веков.

Именно ему на заре независимости наш народ доверил проектирование и строительство нового Казахстана. Время доказало правильность этого судьбоносного выбора.

Содержание и суть его многогранной деятельности по созданию основ подлинного суверенитета, выстраиванию эффективной экономики, формированию гармоничного общества и определению приоритетов развития страны на новейшем этапе национальной истории является веским доводом для признания Первого Прези-



дента Казахстана отцом-основателем нашей современной государственности и истинным Лидером нации.

Сугубо прагматичный подход Елбасы, предполагающий конкретные дела, сохра-

нение устойчивости всей системы, стратегическое планирование и поэтапное развитие, позволил нашей стране за непол-

Наследие Елбасы

ные 30 лет добиться впечатляющих результатов в государственном строительстве. Благодаря непрерывному процессу трансформации и глубокому системному реформам во всех сферах общества в мире заговорили о «казахстанском чуде», главным творцом и автором которого является Нурсултан Назарбаев.

Продуманная политика и характер Елбасы привели экономику Казахстана к статусу одной из самых быстроразвивающихся экономик мира. Благодаря личному вкладу Первого Президента и мощной народной поддержке, в мировом сообществе получила широкое распространение «Казахстанская модель развития». Эта модель заключается в постепенном и уверенном развитии государства по глубоко продуманному курсу.

Елбасы - символ и гарант единства народа и государственной власти, личность, стоящая у истоков истории независимого Казахстана, уникальный государственный деятель и реформатор. День Первого Президента - это всенародное признание выдающихся заслуг Елбасы.

Балнур Абиболла,
представитель молодежи города
Приозерск

Еліміз тәуелсіздігіне – 30 жыл



1991-жылдың 18-қарашасында шетелдегі этникалық қазақтарды Қазақстанға көшіру туралы ҚазССР Үкіметінің қаулысы қабылданған болатын. Сол тарихи шешім шыққан күнге 30 жыл

ҰЛЫ КӨШ ТЕ – ҰЛЫҚ МӘСЕЛЕ!

толып отыр. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алтыншы отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке ұлы көш датасын күнтізбеге енгізуді тапсырған болатын. «Ұлы көш 1991-жылы басталды. Бұған Елбасының тапсырмасымен Қазақ КСР Министрлер кабинеті қабылдаған №711 қаулы ресми түрде жол ашты. Бұл құжат 1991-жылғы 18-қарашада қабылданды. Көп ұзамай Елбасы «Алыста жүрген ағайынға ақ тілек» атты Жолдауын жариялап, шеттегі қандастарымызды елге шақырды», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев сол шарада.

Мемлекет басшысының мәліметі бойынша, содан бері 1,5 миллионнан астам қазақ тарихи отанына қоныс аударған. «Бүгінде олар егемен елімізді өркендетуге өз үлесін қосуда. Солардың ішінде Ауыт Мұқибек және тағы басқа қоғам қайраткерлері Ұлы көштің тарихи релін ескеріп, арнайы күн белгілеу қажеттігін айтып жүр. Үкіметке осы тарихи датаны атаулы күндер күнтізбесіне қосу мәселесін жан-жақты қарастырып, тиісті ұсыныс енгізуді тапсырамын», - деді Президент. Айтулы күннің ресми күнтізбеге енуіне бастамашы болғандардың бірі, қоғам қайраткері Ауыт

Мұқибек бұл күнді: «18 қараша – қандастарымыздың тағдыры шешілген күн» деп айрықша әспеттейді. «Тұңғыш Президентіміз Нурсултан Назарбаев 1991 жылғы 18 қарашада Қазақ КСР Министрлер кабинетіне «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақ КСР-інде қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» №711 қаулы шығартып, алыс-жақын шетелдердегі қандастарымызды Тәуелсіз Қазақстанға шақыруды қолға алды. Ерекше атап өтерлігі – сол №711

(соңы 2 бет.)



Тұңғыш Президент күніне



Биыл тәу егер Тәуелсіздігімізге, қас-терлі Азаттығымызға 30 жыл толады. Тарихи өлшеммен қарасақ, бұл – қас-қатым сәт. Дегенмен, осы аралықта Қазақстан егемен ел ретінде толық қалыптасып қана қоймай, зор жетістіктерге де қол жеткізіп үлгерді. Жас мемлекет ретінде алған асу, бағындырған белес аз емес.

Тұғырлы тәуелсіздік еліміздің басына бақ болып қонған сәттен бері егемен Қазақстан түрлі жетістіктерге қол жеткізіп, елеулі өзгерістерді басынан өткерді. Еліміздің басынан қара бұлт сейілген жылдар ата-бабаларымыздың сонау күнгі сағымдай ұшқан армандарының қайта қанат жайып, асқақтап, қомдануына және кемел болашаққа жаңа көшбасшымызбен қадам басуымызға арқау болды.

ЕГЕМЕН ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Тәуелсіздік – халқымыздың баға жетпес асыл қазынасы, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалар теңдессіз байлық. Қазіргі таңда, біз дамыған заманға бет бұруға тырысып жатырмыз. Соның бір дәлелі, еліміздің дамыған 50 ел қатарынан табылуы.

Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бірінші желтоқсан қазақ мемлекетінің тарихындағы жалпы ұлттық мемлекеттік мекеме – тұңғыш Президент күні деп жариялады. Бұл мереке Қазақстанның бүкіл азаматтары мен оның Елбасының бірлігінің символы болып табылады. Мемлекет басшысының стратегиялық бағытын жүзеге асыруда тұрақтылықтың нығаюы мен қоғамның топтасуына жағдай жасайтын мереке.

Ұлт еркіндігі, ел егемендігі туралы сөз болғанда ең алдымен, ойға Тұңғыш Президентіміздің ерен тұлғасы оралады. Өйткені Тәуелсіздік пен Елбасы – егіз ұғым. Шын мәнінде, Қазақстанның 30 жылда бағындырған биіктері мен белестері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрген саясаты мен батыл бастамаларының нәтижесі. Жалпы, еліміздің бүгінгі қол артқан табысы,



бағындырған биігі, жеткен жетістігі, дербес ел ретінде іргесін бекітіп, керегесін

кеңейтіп қана қоймай, алты құрлыққа танылуы – мұның бәрінде Елбасының ұшан-теңіз еңбегі, ерлігі мен өрлігі, қалтқысыз қызметі мен қажыр-қайраты жатыр.

Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің тәуелсіздігі жылдары ішінде барлық салаларда халқымыздың парасаты мен рухани құндылықтарын, ой-санасын, дәстүрі мен салтын, өнері мен мәдениетін, тарихи мұраларының қайта өркендеуіне кең жол ашты.

Осы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, қаламыздың кітапханасында «Елбасы еңселеткен-Елорда» танымдық сағат, «Менің тұңғыш Президентім» виртуалды кітап көрмесі, «Егемен ел және Елбасы» құрмет көрсету көрмесі атты көптеген іс-шаралар өткізілді.

Тәуелсіздік – біздің елдігіміздің айғағы, еркіндігіміздің белгісі. Біздің ең басты құндылығымыз да осы егемендігіміз. Сондықтан оны қастерлеу, көзіміздің қарашығындай сақтау, нығайту – бәріміздің абыройлы міндетіміз.

Ж.А.Кулмишева

«Приозерск қалалық кітапханасы»

КММ-нің балалар бөлімінің

кітапханашысы

Ұ Л Ы К Ө Ш Т Е – Ұ Л Ы Қ М Ә С Е Л Е !

(соңы. басы 1 бет.)

Қаулы еліміз тәуелсіздігін жариялаудан бұрын қабылданғандығымен өте құнды әрі ерекше саяси маңызға ие. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында 18 қарашаны «Ұлттық көші-қон күні» деген атпен қасиби мерекелер мен атаулы күндердің тізбесіне енгізуді сұрап, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына хат жазған едім. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сол өтінішіңді ескеріп, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алтыншы отырысында «Үкіметке осы тарихи датаны атаулы күндер тізбесіне қосу мәселесін жан-жақты қарастырып, тиісті ұсыныс енгізуді тапсырды», - дейді Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі.

Қоғам белсендісі 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заң осы №711 қаулының негізінде қабылданғанын айтады. «Мемлекеттік көші-қон саясаты қалыптасып, жыл өткен сайын кемелденіп келеді. Қазақстан шеттегі өз қандастарын Отанына шақырып отырған әлемдегі санаулы ғана мемлекеттердің бірі болды. Бұл күн – Еліміз үшін де, Тәуелсіздік жылдары шекара асып келіп ата жұртына қоныстанған қандастарымыз үшін де, Отанға оралудың сәт-сағатын күтіп отырған алыстағы ағайындар үшін де Ұлы мереке», - дейді ол.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 1991-жылдан бері республикаға 1 миллион 86 мың 200 этникалық қазақ оралған. Ал биылғы жылдың басынан 1-қарашаға дейін 15 903 адам тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алған. Биыл келген этникалық қазақтардың 76,3%-ы Өзбекстаннан, 9,5%-ы Қытайдан, 6,1%-ы Түрікменстаннан, 2,5%-ы Моңғолиядан және 5,5%-ы басқа елдерден қоныс аударған. Өзі мен ұрпағының тағдырын Атажұртпен байланыстырған шеттегі қазақтардың 28,3%-ы Алматы облысына, 13,4%-ы Түркістан облысына, 19,1%-ы Маңғыстау өңіріне, 8%-ы Жамбыл облысына, 10,5%-ы Шымкент қаласына қоныстанған. Аталған контингенттің 55%-ы еңбекке қабілетті жаста болса, 28,1%-ы кәмелетке болмаған. Қалған 16,8%-ы зейнет жасында. «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Қандастарды қолдау» департаментінің басқарушы директоры Гүлмира Нұрбаеваның сөзіне қарағанда, 30 жылдың ішінде қандастарды құжаттандыру мәселесі нақты жолға қойылған.

«Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен «Қандас» мәртебесін алудан бастап азаматтық алғанға дейінгі қызметтерді «Бір терезе» қағидатына сәйкес оңтайландыру жұмыстары жүргізілген болатын. Бүгінде, «Бір терезе» қағидаты бойынша қандастарға арналған барлық мемлекеттік қызметтер оңтайландырылып, «Халыққа қызмет көрсету орталықтары» арқылы жүзеге асып жатыр. Интеграциялық жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасы азаматтығын алғанға дейінгі

рәсімдерге қандастар тапсыратын құжаттар саны 46-дан 16 құжатқа азайып, оны қарау мерзімі 6 айдан 3 айға қысқарды», - дейді «Отандастар қорының» өкілі.

Ұлы көш туралы әңгіме болғанда, бұл маңызды мәселеден біздің Приозерск қаласы да қалыс қалмауға тиіс. Еліміздің тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толып отырса, «Ұлы көштің» басталғанына да 30 жыл. Аталған екі мәселе де өзекті һәм тарихи маңызы зор. Біздің осы қалаға үдере көшіп келуіміздің алды 1995-жылдың ақпан айынан бастау алады. Қалаға жаппай көшу қарқыны сол жылдың жазына қарай мейлінше артты. Ол күндер менің де ешқашан есімнен шыққан емес. Сондықтан ширек гасырдың арғы жағында қалып кеткен естеліктерді әлі күнге есіме алып, ұрпақтарыма әңгімелеп отырамын. Мұндай тарихи оқиғалар жастарға да үлгі-өнеге болуға тиіс деп ойлаймын. Еліміздің 30 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында, өткен жылдардың тасасына жасырынған сағынышты жылдарды, Ару-Балқаштың бойында орналасқан Приозерск қаласына көшіп келуіміз туралы жерлестерім үшін өзімше баяндамақпын...

Приозерск қаласына арнайы сапармен келіп, көшу мәселесін күйттеп қайтқан марқұм Тұрмахан Махмұдов бастаған бес кісі елге оралған соң көрген-білгендерін, көшудің жай-күйін айналадағы жұртқа жариялай бастағанынан біз де хабардар болдық. Сол 1995-жылы мен ауылдағы мектепте бір жыл мұғалім болып, жазда еңбек демалысымда жүрген кезім еді. Бір күні таңертеңгі мезгілде бүгінде Қостанай облысында тұратын зейнеткер, қажы, көп жылдар бойы осы қалада есепші болып қызмет атқарған Рахым Елжанов ағамыз біздің үйге келді.

–Нұрғали, Тұрмахан қожалар Қазақстаннан жер көріп қайтыпты. Таңдау жасаған жері Жезқазған облысының Приозерск деген қаласы дейді. Енді көшуге ниеті барларды тізімге алып жатқан көрінеді. Сен Алматыдан қайтып келгелі бері Қазақстанға қайта көшемін деп жүр едің ғой, соған қалай қарайсың? Негізі көжекене өзің жолығып, сөйлескенің дұрыс шығар. Мақұл көрсен өзіміз барып сол жақты көріп қайтайық, – деді. Мен ойланып қалдым. Приозерск деген қала барын бұрын-соңды естіген емеспін. Жедел көтеріліп, Тұрмахан ағаның үйіне қарай аяндадым. Түрекендер азанғы шайларын ішіп болып қалған екен. Сәлемдесіп, үйдің көленкесіне төселген көрпешеге жайғасыпты да, көш туралы әңгіме жайын сұрадым.

–Иә, біз барып, көріп қайттық. Қаладағы ресейлік әскерилердің көбісі өз елдеріне көшіп кетіп, бұл жер жартылай жартылай бос қалған екен. Соған қала әкімі жан-жақтан қазақ қауымын жинауды қолға алыпты. Бізге де көшіп баруға ұсыныс жасады. Ешкімді «көш» деп үгіттемеймін. Негізі әркім өздері барып көргені дұрыс болар. Өз басым ағайын-туғандарыммен келісіп,

біргелікке көшуді ұйғарып отырмыз, – деп Түрекен барлық мән-жайды баяндап шықты. Ол жерден шыққасын мен Рахым ағаға қайтып келіп, аталған мекенге өзіміз барып қайтуды ұсындым. Арадан бірнеше күн өткенде біз де сапарға аттандық. Рекең екі баласын алып, Жұмағали деген жиенін және Кенбай құдамыз бесуеміз сапарға аттанған едік. Екі күннен соң Сарышағаннан поездан түсіп, Балқаш көлінің етегіндегі Приозерск қаласының топырағына біздің де табанымыз тиді. Біздің мұнда танысымыз болмағандықтан, сол кезде әкімдік арнайы ажыратқан №130 жатақханаға жайғастық. Бұл жерде Өзбекстанның әр аймағынан келген біраз адамдар, отбасылар тұратынын көрдік. Олармен әңгімелесіп, жөн сұрастық. Бұлардың бәрі де әзірше әртүрлі жұмыстармен айналысады екен. Келесі күні қала әкіміне кіріп, әңгімелестік. Көштің жай-жапсарын талқыладық.

Қала әкімінің алдында мен сол кезде Приозерск телерадиокомпаниясының директоры Нұржан аға Абдуллаевпен таныстым. Менің журналист екенімді білгесін, ол кісі өзіне шақырды. Нұрекең Түркістан тарапының тумасы болып шықты. Менің Түркістанда туыскандарым барын, ол жақпен тығыз байланыста екенімді есітіп, іштартып қалғанын байқатты. Нұрекеңмен біраз әңгімелестік. Менің осында көшіп келуімді, қаланың қайта түлеуіне үлес қосуды құптады және қызмет жағынан көмектесетінін жеткізіп, көңілдімді көтеріп тастады. Көшіп келуге деген ықыласым арта түскен мен Рекеңдерге қайтып оралдым. Олар қаланы түгел аралапты. Түстен кейін Балқаш көліне шомылдық. Желсіз күнде жеңіл толқындары жағаға жылжыған аспан түстес су беті – кісіні өзіне еріксіз тартып тұрды. Біз бәріміз де болашақта осы қаланың тұрғындары болармызға нық сенімді едік. Қаланың көптеген алқам-салқам үйлері, шашылып жатқан көшелері бізді шошыта қойған жоқ. Керісінше мынау жартылай бұзылған, терезелері үңірейген ғимараттарды қалай жөндеп, қалпына келтіру жайын ойласып жүрдік. Үшінші күні жұмыспен қамту бөліміне кіріп, Рекең жұмыс жайын сұрамақшы болып келгенбіз. Қызық болғанда, мекеме бастығы Бақыт Тәуірғалиевна Рекеңе жаға келіп жабыссын. Ол өзіне тәжірибелі есепші керегін айтып, осында қызметте қалуын қатты өтініп сұрады. Рекеңді мен де үгіттеп жатырмын. Ол кісі өзінің орысшаға шорқақ екенін айтып қашқалақтайды. Бір сағаттан аса отырып, ақыры Рекеңді көндірдік-ау. Жер көріп, байқап қайтуға келген Рахым ағамыз ертеніне сол жерге есепші болып орналасты да, екі күннен соң Жезқазғанға іссапарға аттанып кетті. Балалары да жұмысқа кірді. Бұл уақытта сырттан отбасыларыңыз келген кісілер қаладағы қайта қалпына келтіруге жарайтын үйлерді жөндеуге қызу кірісіп кеткен еді. Қаланы қалпына келтірудің нақты жоспары жасалынып, барлық мүмкіндіктер қарастырылып жатқан кез

болатын. Мен көш қамына кірісу үшін жедел елге қайттым. Ауылға келсем, барлық жерде ду-ду, қызу әңгіме. Бәрінің аузындағы тақырып көштің жайы. Біреулер біздің әрекетімізді қуаттап, біреулер даттап жатты. Мен мектептегі жұмысымнан шығып, көш қамына кірісіп кеттім. Себебі көшіріп әкететін ұзын қорапты «КамАЗ» жүк көліктерін ұзатпай жіберетінін қала әкімі Сағымбай Медеубаев қадап тапсырған болатын. Тамды ауданының барлық шаруашылықтарынан адамдардың көшу үшін тізімге жазылып, ниеттеніп жатқанын есітіп жаттық. Арадан көп уақыт өтпей, екі жүк көлігі де келіп жетті. Онымен жиырма шақты отбасының жүгі аттандырылды да, біз келесі кезекке қалдық...

Әне-міне дегенше күз түсіп, алғашқы ақ қырау да түсе бастады. Екінші кезекте жеткізілетін жүгімізге қарамай, қараша айының басында біз отбасымызбен бірге Түркістан қаласы арқылы болашақта қоныс болатын мекенімізге аттанған едік. Біз елден шыққанда ауылда күн жып-жылы болып тұрған. Қарашаның 12-жұлдызы күнгі түнде Сарышаған стансасынан поездан түскенде күн бұрқасындатып, қар жауып тұрған еді. Бұл жылы жақтан келген бала-шағамыздың мүлде басқа ауа-райына алғаш тап болуы тұғын. Олардың әрбіріннің жанарынан «Бізді қандай жерге әкелдің?» дегендей сұраулы пішінді ұғып тұрдым. «Бәрі жақсы болады» деп көңілдерін жұбатауға тура келді. Ол кезде бұнда алғаш табан тірегендерге арнайы дайындалған жатақханадан орын бөлінетін. Пәтер тауып жайғасқанша, олар осында тұруға жағдай жасалынған. Біз де бала-шағамызбен осы осында жайғастық. Бұл кезде біздің жақтың әр аймағынан көптеген адамдар көш туралы есітіп, өз қалауларымен, отбасыларыңыз келіп жатақханаға орналасқан және жұмысқа кірісіп те кеткен екен. Сол сәттерде қаладағы бос қалған үйлерді жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатты. Келіп жатқандар ешқандай жұмыс талғамай, кез-келген қызмет пен жұмысты атқаруға дайын болатын. Бәрінің де ойларында хал-қадерінше қаланы қалпына келтіруге үлес қосу болғаны анық. Көптеген адамдар бұрын-соңды істеп көрмеген – қазандық жағу жұмысына кірісіп, тез арада бұл кәсіпті игеріп алды. Менің мамандығым журналист болғанымен, телерадиокомпанияда ауқымды қысқарту жүріп жатқандықтан, мұнда орналасудың реті келмеді. Сондықтан қала әкімінің ұсынысымен қалалық әкімдікке заңгер-кәсіпші ретінде қызмет атқаруыма тура келді және осы салаға қатысты кітаптарды оқып, білімімді өздігімше толықтыруға талпыныс жасадым. Өз кезегінде бұл маған заңнамалық құжаттармен және ақпарат, мәліметтермен толыққанды танысуыма көмектесті.

Жалғасы газетіміздің келесі санында.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

КЕҢЕСТІҢ ҚОРТЫНДЫ ОТЫРЫСЫ

2021-жылдың 23-қарашасы, сейсенбі күні Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңестің жоспарға сәйкес, үстіміздегі жылдың төртінші тоқсаны бойынша кезекті отырысы өтті. Отырысқа Приозерск қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Сағымбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, халықты жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Рахима Есенманқызы Ахметова, Приозерск қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Эмина Мухаевна Башимова, Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселелері бойынша кеңесшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков және кеңес мүшелері қатысты.



Жыл қорытындысы

Кездесу барысында жыл бойы атқарылған жұмыстар туралы және мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңес құрамын өзгерту туралы мәселелер қарастырылды.

Кеңес мүшелерінің бірауыздан қолдауымен Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңестің төрағасы болып аталған кеңестің мүшесі, Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселелері бойынша кеңесшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков сайланды және Кеңестен шығып кеткен тұлғалардың орындары басқа адамдармен толықтырылды.

Соңымен қатар 2022-жылға арналған жұмыс жоспары комиссия мүшелерімен бірге талқыланып, бекітілді.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ
Суретте: Кеңес отырысында

Рухани жаңғыру аясында

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау керекі айтылады. Бұл тұрғыда Н.Назарбаев: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз», – деп латынға көшудің басымдығын атап өтті.

Тарихқа көз салар болсақ, 1929-жылға дейін елімізде араб жазуы қолданылған екен. Қазақ халқының арда азаматы, Алаштың біртуар тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысымен қазақ даласында араб графикасы бойынша «төте жазу» пайдаланылды. Төте жазуда – қазақ фонетикасының кейбір ерекшеліктері ескерілсе, 1929-1940-жылдары латын графикасына негізделген әліпби дүниеге келді. 1940-жылдан бүгінгі күнге дейін кирилл әліпбиі қолданыста келеді. Бір ескерушіміз, Түркия, Германия, Америка Құрама Штаты секілді батыс елдеріндегі қандас ағайындарымыз латын жазуын пайдалануда. Мысалы, Түркия латын әліпбиіне 1928-жылы көшті. Кеңес одағы құрамындағы Әзірбайжан халқы одақ ыдыраған соң ауысса, ала тақиялы ағайын 1993-жылдан бастап өзбек тілін латын әліпбиіне көшірді. Ұлт жанашыры, ағартушы-педагог А.Байтұрсынұлы: «Ұлт-

тың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – оның тілі» деген. Сондықтан да латын графикасына көшуді – уақыт талабы деп толықтай айтуымызға болады. Айтулы мәселе халық арасында кеңінен талқыланып, тіл білімі саласы ғалымдарының тынымсыз еңбегі нәтижесінде латын қарпіне негізделген қазақ тілінің әліпбиінің бірнеше жобасы жасалды.

2012-жылғы 14-желтоқсандағы Жолдауында Президент «Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Біз 2025-жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп латын әліпбиіне көшу туралы пікірін алға тартты.

Бұл мәселеге қатысты БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде көптеген даулы мәселелер туындап жатқаны белгілі. Ғалымдар, лингвистер, терминологтар жан-жақты пікір айтып, өз көзқарастарын білдіріп жатыр. Әрине, әр нәрсенің таразының екі басы

сияқты өзіне тән салмағы бар. Салмақтысы – егер біз латын әліпбиіне көшетін болсақ, мұрағаттарда шаң басып жатқан (мәселен, халық фольклорындағы көптеген латын әліпбиінде жазылған тарихи жырлар мен тарихи өлеңдер әлі де толық аударылып, жарыққа шыққан жоқ) мұраларымызды жарыққа шығарар едік. Елбасының сөзімен нақтылай айтқанда әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызатын едік. Қазіргі қолданыстағы 42 әріптің басы артық қазақ тіліне тән сөздерде кездесе бермейтін әріптерден арылатын едік.

Осы орайда, тағы да Елбасының сөзін негізге алсақ, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес». Расында да қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақ өте дарынды, ұғымтал. Сондықтан, латын әліпбиін тез меңгеріп кететіндеріне күмәніміз жоқ. Дегенмен, бұл іске бірден көшіп кете қою оңай емес. Біраз уақытты талап етеді. Сонымен қатар, дәйектілікті, нақтылықты, байыптылықты, жан-жақтылықты қажет етеді.

Әлемдегі өркениетті елдердің қатарына енеміз десек, қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Сондықтан, латын графикасына көшуді заманның өзі талап етіп отыр.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ақын

ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН




Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қас-терлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

Қазіргі уақытта көп тілді білу – өмір қажеттілігі. Осы қажеттілік негізінде қостілділік (көптілділік) пайда болып қалыптасады және қоғамда ұлт саны қаншама көп болса, ол үшін қостілділік пен көптілділік соншама қажет. Себебі, «Өз тілің - бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жасыл жарық жағылып тұратыны белгілі жәйт. Келешекте жеті жұрттың тілін біліп, мемлекеттің мүддесін, ұлты мен жұртыңның жай-күйін әлемге дауыс жететін мінберден асқақтата айтып тұратын күнге жетуіміз керек.

Десек те, бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек емес, бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етуіміз

керек. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, уық секілді қадалып, мемлекеттік тіліміздің дамуына септігін тигізіп жатса нұр үстіне нұр болмақ. Бірақ кейбірміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде. Десе де, ағыл-

білгеніміз әлемдік мәдениетке, өркениетке, білім кеңістігіне еркін кірігіп, болашақта алдыңғы қатардағы бәсекелестікке қабілетті дамыған 30 елдің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісінде өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады. Мәселен, қазір өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілді балабақшаларға өз балаларын беру жағдайы көп кездеседі. Көп балабақшаларда қазақ, орыс және ағылшын тілі ерте жастан бастап



шын тілін үйренгеннен біз мәңгірттен-бейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес, әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді

оқыту қажеттілігі, бүлдіршіндердің қабілеттері мен тілдік ерекшеліктері ескеріле отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін үйрету енгізіліп келеді. Сонда бала мектепке дейінгі жасында-ақ бірнеше тілді қатар үйрене бастайды. Ағылшын тіліне ерте жастан оқытудың тиімділігі тілді жақсы әрі еркін меңгеруге тигізер әсері мол. Ол баланың интеллек-

Өмір қажеттілігі

туалдық, тәрбиелік және рухани әлеуетін жақсартады. Ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге және құрметтеуге үйретеді.

Міне, сондықтан да еліміздің бәсекеге қабілетті елдермен теңесетін жағдайында осы үш тілді жетік меңгерген білікті мамандардың қажеттілігі артатыны белгілі. Өз ана тілінен бөлек өзге тілдерді де кызығушылықпен меңгеріп жүрген жастар қаншама. Қазіргі заманғы жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Олар өз елімен шектеліп қалмай шет мемлекеттерге шығып, өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауды мақсат санайды.

«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», - демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Елбасы айтқандай: «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі». Сөз соңында, қанша тілді меңгерсең де, қанша әлемдік мәдениеттің биік өнертабысына қол жеткізсең де, өзіңнің ұлттық кодыңды сақтап, ұлтымыздың мәңгілік байлығы – туған тұғырлы тіліміз бен халықтық құндылықтарымызды ешқашан ұмытпауымыз керектігі әрбіріміздің жадымызда жүруге тиісті.

Майра Матикүлова,
Қарағанды облысы
білім басқармасының Приозерск қаласы
білім бөлімінің «№1 жалпы білім
беретін мектебі»
КММ



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ, ОНЫҢ ТҮРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ

Құрметті қала тұрғындары!

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы 2021 жылдың есебін назарларыңызға ұсынамын. Мәслихат - қаланың халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган.

Қалалық мәслихат хатшысы ретінде қала әкімі өткізетін жедел кеңестер мен қала әкімдігінің отырыстарында әрдайым міндетті түрде қатысамын. Депутаттар қала әкімінің халықпен кездесуіне белсенді қатысып, атқарушы органдардың кеңестері мен консультативтік-кеңесші органдарының мүшесі болып табылады. Бұның бәрі өзара ақпарат алысуды жақсартуға, туындаған проблемалар бойынша шешімдер табуға мүмкіндік береді.

2021 жылдың 10 қаңтарында өткен сайлау қорытындысы бойынша Приозерск қалалық мәслихатының VII шақырылым депутаттарының оны «Nur Otan» партиясының партиялық тізімімен болса, біреуі «Ақжол» Қазақстан Демократиялық партиясының партиялық тізімімен сайланды. Депутаттардың 45,5% жаңа сайланған депутаттар. Депутаттық қорпуста кәсіпорын басшылары, жеке кәсіпкерлер, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары және басқалары бар. Депутаттардың 72,7% (8 адам) ерлер, 27,3% (3 адам) әйелдер. Депутаттардың 91% (10 адам) білімі жоғары, оның ішінде 50% (5 адам) екі жоғары білімі бар. 54,5% (6 адам) депутат екі және одан көп шақырылым бойы болған депутаттар.

Қазіргі уақытта қалалық мәслихаттың VII шақырылымының сайланған 11 депутаты өз қызметін атқаруда. Сессия жұмысында тұрақты комиссиялар атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде жыл сайын есеп береді.

Сессия жұмысын өткізу барысында депутаттар арасынан төраға сайланып, бір тоқсан бойы сессия жұмысын жүргізетін. 2021 жылдың маусымында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына өзгеріс енгізіліп, қазір сессия жұмысын мәслихат хатшысы жүргізеді.

2021 жылы қалалық мәслихаттың 3 кезекті, 6 кезектен тыс сессиясы өтіп, онда әртүрлі 66 мәселелер қарастырылды, оның ішінде:

Қалалық сайлау комиссиясының хабарламасы, мәслихаттың хатшысын сайлау туралы, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру және олардың құрамы мен төрағаларын сайлау туралы, қалалық мәслихаттың «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу мен басшысы туралы, Приозерск қаласының әкімі қызметіне тағайындауға келісім беру туралы ұсынысты қарау туралы, көмелетке толмағандар істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиясының атқарылған жұмысы туралы, 2020 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік

жастар саясатының Приозерск қаласында орындалуы туралы, 2020 жылғы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы, 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі, 2020 жылғы абаттандыру жұмыстарының орындалуы мен 2021 жылғы жоспарлары туралы есебі, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы, Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2020-2021 жылдарда атқарылған жұмыстары туралы есебі, қалалық аурухананың атқарылған жұмыстары туралы есебі, Приозерск қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы, Приозерск қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі, қаланың 2021-2022 жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі, Приозерск қаласында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі, білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы, Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің атқарылған жұмыстары туралы.

Приозерск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 39/389 «Приозерск қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы, салық салу мақсаттары үшін Приозерск қаласының аумағын аймақтан-дыру схемасын бекіту туралы, Приозерск қаласы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы, Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы, Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/30 «Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы, Приозерск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 18/173 «Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» шешімінің күші жойылды дептану туралы нормативтік құқықтық актілер қарастырылып, бекітілді.

Бюджет мәселесі 9 рет, әртүрлі комиссия құрамын бекіту мен өзгеріс енгізу мәселесі 16 рет, ішкі мәселелер 13 рет қарастырылды.

2020 жылдың желтоқсан айында мәслихаттың кезекті сессиясын өткізіп, негізгі 6 мәселені қарастыратын боламыз, оның ішінде:

1. 2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджетті бекіту туралы;
2. 2020 жылғы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегі туралы есебі;
3. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту

жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі;

4. Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі;

5. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі;

6. Қалалық мәслихат хатшысының атқарылған жұмыстары туралы есебі;

7. Әртүрлі мәселелер.

Құрметті қала тұрғындары!

Пандемияның кезінде сессия жұмысы арнайы ZOOM бағдарламасы бойынша жүргізіліп отырды, 2021 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс – қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 142-тармағы шеңберінде барлық деңгейдегі мәслихаттар отырыстарын міндетті онлайн-трансляциялауды енгізуі бойынша Приозерск қалалық мәслихатының сессия отырыстары Қазақстандық Аitube платформасы арқылы трансляциялануда. Бүгінгі күні 4 сессия және 1 бірлескен отырыс трансляцияланды. Трансляция кезінде техникалық кемшіліктер болды, оларды алдағы уақытта жоюға тырысамыз.

Сессия жоспарында белгіленген мәселелердің барлығы қарастырылды. Ол үшін қалалық газет пен интернет-ресурстары арқылы сессияның өтетін күні мен сессияның күн тәртібін алдын ала хабарлап отырдық. Приозерск қалалық мәслихатының Facebook, Instagram әлеуметтік парақшалары бар.

Қалалық мәслихатта үш тұрақты комиссия жұмыс атқарады:

Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссия жұмысын депутат Сатыбалдин Бахтияр Сакенович басқарады, комиссия мүшелері: депутат Дюсембаев Дулат Орынбасарович, Кузьмаганбетова Айткуль Женисовна, Алмас Улан Алмасулы. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі жыл сайын сессия жұмысында тыңдалады. Тұрақты комиссия 6 отырыс өткізіп, 14 мәселе қарастырды.

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы депутат Қарабалаев Талғат Алимджанович, комиссия мүшелері: депутат Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич, Абдимуталипов Муса Жалиевич. Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі сессия жұмысында тыңдалды. Тұрақты комиссия 4 отырыс өткізіп, 7 мәселе қарастырды.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия жұмысын депутат Ахметова Рахима Есенамановна басқарады, комис-

сия мүшелері: депутат Попченко Светлана Борисовна, Джарылғапов Бек Танирбергеневич. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі де сессия жұмысында тыңдалды. Тұрақты комиссия 4 отырыс өткізіп, 19 мәселе қарастырды.

2020 жылы депутаттар 35 кездесу өткізсе, 2021 жылы 68 кездесу өткізіп, әртүрлі 137 сұрақтар түсті. Бүгінгі күні депутаттар 23 депутаттық сауал жолдады. Халықпен кездесуді зоом бағдарламасы арқылы және жеке кездесулермен өткізуде.

Депутаттар түрлі қайырымдылық шараларына демеушілік көрсетуді жалғастыруда және «Nur Otan» партиясы бағдарламасын орындау мен іске асыру бойынша белсенді қатысушылар. Депутаттардың көбінде Facebook, Instagram әлеуметтік парақшалары бар. Бұның бәрі өзара ақпарат алысуды жақсартуға, туындаған проблемалар бойынша шешімдер табуға мүмкіндік береді.

Депутаттар қаладағы атқарылып жатқан құрылыс, коммуналдық жұмыстармен қатар мәдени шаралардың барысымен танысып, тиісті ұсыныс, пікірлерін де айтумен бірге, қаланы безендіру және абаттандыруға техникамен көмектесуді жалғастырып, қалада өтетін маңызды істерге меценаттық көмек көрсетіп отырады.

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы негізінде құқықтық нормаларды қарастыратын сессия шешімдері облыстық әділет Департаментіне емес, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтеді және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электронды түрде енгізіледі. Есеп беру кезеңінде 12 нормативтік құқықтық акт қабылданып (өткен жылдың осы мерзімінде 10 НҚА қабылданған), олардың барлығы мемлекеттік тіркеуден өтіп, қала аумағында орындалуға тиісті құжат болып есептеледі. Тіркемей қайтарылған құқықтық акт болған жоқ.

Қалалық мәслихат хатшысы ретінде күн сайын сайлаушылардың жеке сауалдары бойынша қабылдау жүргіземін. Есеп беру кезеңінде 5 адам қабылдауда болып, 10 сауал қойып, сол мезгіте барлығына жауаптарын алды.

Есеп беру кезеңінде 1 өтініш тіркеліп, уақытылы жауап берілді.

Биылғы жылы қалалық мәслихатқа мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардан 190 кіріс және 154 шығыс хаттар келіп түсті. Олардың барлығына жауаптар беріліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Құрметті қала тұрғындары!

Мен қалалық мәслихаттың атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы 2021 жылы атқарған жұмыстары туралы сіздерді хабардар етіп отырмын. Сессия жұмысының Онлайн-трансляциясы тұрғындарға әр депутаттың жұмысын бақылауға мүмкіндік береді. Сессия және тұрақты комиссия жұмысын одан әрі жетілдіруде, әр депутаттың белсенділігін арттыруда сіздерден ұсыныс күтеміз.

Б.Сәрсембеков,
Приозерск қалалық
мәслихатының хатшысы

Пилоттық жоба

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотын электрондық жазбаны мейлінше кенінен қолданып келе жатқан мемлекеттік мекемелердің ішіндегі ең үздіктерінің бірі десек, еш артық айтқандық болмас, өйткені бүгінгі күні қарапайым бұқара халық бұрынғыдай сот мекемелерінің табалдырығын тоздырмай, кез келген өзіне қалаулы уақытта электронды интернет жүйесі арқылы өз істерінің қай сатыға келгенін, оларды

Э Л Е К Т Р О Н Д Ы Қ С О Т Т Ö Р Е Л І Г І

қарау тәртібімен және сотқа келмей-ақ өз арыз-шағымдарын тіркеуге мүмкіндіктері бар.

Сот органдарымен «Электронды сот төрелігін» іске асыру мен ақпараттандыру бойынша белсенді жұмыстар атқарылып жатыр. Қазіргі таңда азаматтар мен заңды тұлғалардың өз құқықтарын соттық қорғауды мейлінше ашық және қолжетімді іске асыруға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-инновациялық технологиялар енгізіл-

ді.

Сонымен қатар Қарағанды облысы «Электронды қылмыстық іс» республикалық пилоттық жобаны жүзеге асыра бастады, «Электронды қылмыстық іс» жобасы процесстің барлық кезеңдерін қамтиды: қылмысты тіркеуден бастап, жазаны атқаруға дейін.

Пилоттық жобаны енгізу және ведомстволық жұмыс тобын құру туралы бірлескен жарлыққа ҚР Бас прокуратурамен, ҚР

Жоғарғы сот төрағасымен, қаржы министрімен, ҚР мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің төрағасымен және ішкі істер министрімен қол қойылған болатын.

Аталған жобаны жүзеге асыру үшін Қарағанды облысы бойынша барлық сот залдары қажетті компьютер құрал жабдықпен қамтамасыз етілген.

Д.А. Сатыбалдин,
Приозерск қалалық
сотының кеңсе меңгерушісі



ОТЧЕТ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЕГО ПОСТОЯННЫХ КОМИССИЙ ЗА 2021 ГОД

Уважаемые жители города Приозерск!

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» представляю отчет о проделанной работе городского маслихата, деятельности его постоянных комиссий за 2021 год. Маслихат - выборный орган, избираемый населением города, выражающий волю населения и в соответствии с законодательством Республики Казахстан определяющий меры, необходимые для ее реализации, и контролирующий их осуществление.

Как секретарь городского маслихата постоянно участвую во всех заседаниях городского акимата, оперативных совещаниях проводимых Акимом. Депутаты принимают активное участие во встречах Акима с населением города, являются членами консультативно-совещательных органов и Советов исполнительного органа. Все это позволяет улучшить взаимную информированность, найти пути решения возникающих проблем.

По итогам выборов 10 января 2021 года десять депутатов Приозерского городского маслихата VII созыва были избраны по партийному списку партии «Nur Otan», один по партийному списку Демократической партии Казахстана «Ақжол». 45,5% (5 чел.) депутатов являются вновь избранными депутатами. В составе депутатского корпуса руководители предприятий, индивидуальные предприниматели, руководители учреждений образования, здравоохранения и другие. 72,7% (8 чел.) депутатов мужчины, 27,3% (3 чел.) женщины. 91% (10 чел.) депутатов имеют высшее образование, из них 50% (5 чел.) имеют два высших образования. 54,5% (6 чел.) являются депутатами двух и более созывов.

В настоящее время осуществляют свою деятельность 11 депутатов городского маслихата VII созыва. В ходе работы сессии постоянные комиссии ежегодно отчитываются о проделанной работе.

В ходе заседания сессии председатель избирался из числа депутатов и председательствовал на заседании в течение квартала. В июне 2021 года в закон «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» внесены изменения и сейчас заседание сессии ведет секретарь маслихата.

2021 году проведены 3 очередных и 6 внеочередных сессии, на сессии рассмотрены 66 различных вопросов, в том числе:

Сообщение городской избирательной комиссии, избрание секретаря городского маслихата, образование и избрание состава постоянных комиссий городского маслихата и их председателей, о руководителе и регистрации депутатской фракции городского маслихата партии «Nur Otan», рассмотрение представления о даче согласия на назначение на должность акима города Приозерск, отчет о проделанной работе комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав, отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2020 год, о выполнении государственной молодежной политики Республики Казахстан «Казахстан 2020: путь в будущее» в городе Приозерск, о выполнении государственной

программы развития малого и среднего предпринимательства за 2020 год, отчет об освоении и исполнении городского бюджета за 2020 год, отчет о выполнении работ по благоустройству в 2020 году и планах на 2021 год, о выполнении государственной программы «Нұрлы жер», отчет отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск о проделанной работе за 2020-2021 годы, о проделанной работе городской больницы, об утверждении регламента Приозерского городского маслихата, отчет акима города Приозерск о выполнении возложенных на него функций и задач, отчет о подготовке города к отопительному сезону 2021-2022 годы, отчет о проделанной работе по противодействию коррупции в городе Приозерск, отчет о ходе выполнения государственной программы развития образования и науки на 2020-2025 годы, отчет о проделанной работе отдела физической культуры и спорта города Приозерск.

Рассмотрены и утверждены нормативно-правовые акты по внесению изменений в решение Приозерского городского маслихата от 24 июня 2020 года №39/389 «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, и захоронение твердых бытовых отходов по городу Приозерск», утверждению схемы зонирования территории города Приозерск для целей налогообложения, утверждению Плана по управлению пастбищами и их использованию по городу Приозерск на 2021-2022 годы, утверждению размера и перечня категорий получателей жилищных сертификатов по городу Приозерск, внесению изменений и дополнений в решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата от 25 июня 2014 года № 34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск», внесению изменений в решение Приозерского городского маслихата от 30 марта 2021 года № 3/30 «Об утверждении размера и перечня категорий получателей жилищных сертификатов по городу Приозерск», О признании утратившим силу решение Приозерского городского маслихата от 27 февраля 2018 года № 18/173 «Об утверждении Правил управления бесхозными отходами, признанными решением суда поступившими в коммунальную собственность».

Рассмотрены вопросы по бюджету 9 раз, утверждение и изменение состава 16 различных комиссий, 13 внутренних вопросов.

В декабре проведем очередную сессию маслихата, где будут рассмотрены 6 основных вопросов, в том числе:

1. Об утверждении городского бюджета на 2022-2024 годы;
2. Отчет о государственной адресной социальной помощи за 2020 год;
3. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса;
4. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам;

5. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по социально-культурному развитию и социальной защите населения;

6. Отчет о проделанной работе секретаря городского маслихата;

7. Разные вопросы.

Уважаемые горожане!

В связи с пандемией работа сессии проводилась по специальной программе ZOOM, а со второго полугодия 2021 года в рамках пункта 142 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий», утвержденного Указом Президента Республики Казахстан от 14 сентября 2020 года № 413, по внедрению обязательной онлайн-трансляции заседаний маслихатов всех уровней, сессии Приозерского городского маслихата транслируются через Казахстанскую платформу Aitube. На сегодняшний день транслировалось 4 сессии и 1 совместное заседание. Во время трансляции были технические ошибки, которые мы стараемся устранить в будущем.

Все вопросы, запланированные в плане сессии, были рассмотрены. Заранее информировали через городскую газету и интернет-ресурсы дату проведения и повестку дня сессии. Приозерский городской маслихат имеет свои страницы социальных сетей, таких как Facebook, Instagram.

В городском маслихате работают три постоянные комиссии:

Работой постоянной комиссии по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса руководит депутат Сатыбалдин Бахтияр Сакенович, члены комиссии депутаты: Дюсембаев Дулат Орынбасарович, Кульмаганбетова Айткуль Женисовна, Алмас Улан Алмасулы. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса ежегодно заслушивается на сессий городского маслихата. Постоянной комиссией проведено 6 заседаний, рассмотрено 14 вопросов.

Председателем комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам является депутат Карабалаев Талгат Алимджанович, члены комиссии депутаты: Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич, Абдимуталипов Муса Жалиевич. На сессий городского маслихата был заслушан отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам. Постоянной комиссией проведено 4 заседаний, рассмотрено 7 вопросов.

Председателем постоянной комиссии по социально-культурному развитию и социальной защите населения является депутат Ахметова Рахима Есенамановна, члены комиссии депутаты: Попченко Светлана Борисовна, Джарылгапов Бек Танирбергенович. На сессий городского маслихата также был заслушан отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по социально-культурному развитию и социальной защите

населения. Постоянной комиссией проведено 4 заседаний и рассмотрено 19 вопросов.

Депутаты в 2020 году провели 35 встреч, а в 2021 году проведено 68 встреч и задано 137 различных вопросов. Депутатами были направлены 23 депутатских запросов. Встречи с населением проводятся через программу zoom и в личных встречах.

Депутаты продолжают оказывать спонсорскую помощь на различных благотворительных акциях, также активные участники по исполнению и реализации программы партии «Nur Otan». Многие депутаты имеют страницы социальных сетей, таких как Facebook, Instagram. Все это позволяет улучшить взаимную информированность, найти пути решения возникающих проблем.

Депутаты знакомятся ходом строительных, коммунальных работ, а также культурных мероприятий города и вносят соответствующие предложения и замечания, также продолжают помогать техникой для проведения мероприятия по благоустройству и оформлению города. Оказывают благотворительную помощь при проведении важных мероприятий города.

Согласно Закона Республики Казахстан «О правовых актах» решения сессии, усматривающие правовые нормы, проходят государственную регистрацию не в областном Департаменте юстиции, а в Министерстве юстиции Республики Казахстан и вносятся в эталонный контрольный банк нормотивно-правовых актов Республики Казахстан в электронном виде. За отчетный период принято 12 нормативных правовых актов (в прошлом году принято 10 НПА), все они прошли государственную регистрацию и являются документом обязательного исполнения на территории города. Правовых актов, возвращенных без регистрации не было.

Как секретарь городского маслихата ежедневно веду прием избирателей по личным вопросам. За отчетный период на приеме участвовало 5 человек и задано 10 вопроса, по которым сразу даны ответы.

За отчетный период зарегистрировано 1 обращение, по которым своевременно дан ответ.

В текущем году в городской маслихат поступило 190 входящих и 154 исходящих писем из государственных органов и частных лиц. На все письма даны ответы и проведена соответствующая работа.

Уважаемые жители города Приозерск!

Я проинформировал вас о проделанной работе городского маслихата, деятельности его постоянных комиссий за 2021 год. Онлайн-трансляция работы сессии дает возможность населению наблюдать за работой каждого депутата. Ждем Ваших предложений по улучшению и совершенствованию работы сессии и постоянных комиссий, повышения активности каждого депутата.

Б.Сарсембеков,
секретарь Приозерского городского маслихата.

Коронавирус

Ағымдағы жылдың 20 қарашасынан бастап Приозерск қаласының қалалық ауруханасында 12-17 жас аралығындағы балаларға арналған Pfizer екпесін салу жұмыстары басталған болатын. Соңғы деректерге сәйкес 16-17 жас аралығындағы 12 мектеп оқушысы, жүктілік және бала емізу сатысындағы 12 әйел, жалпы саны - 24 адам Pfizer вакцинасын алды. Екпе алған қала тұрғындары дәрігерлердің бақылауында және денсаулық көрсеткіштері қалыпты деңгейде. Ресми ақпараттар бойынша қаламызға Pfizer вакцинасының бірінші компонентінен - 60 доза, екінші компонентінен - 60 доза келген. Аталмыш вакцина балаға тек ата-анасының рұқсатымен ғана салынады. Сондықтан бүгінгі вак-

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР МЕН ОҚУШЫЛАР КОМИРНАТИ ЕКПЕСІН АЛА БАСТАДЫ



цинациялау процесіне қаламыздағы мектептердің 11-сынып оқушылары мен ата-ана-

лары, мектеп мұғалімдері бірлесе ат салысты. Өз кезегінде орталық аурухана дәрігерлері балаларды екпе алуға дейінгі тексеруден мұқият өткізіп, әр балаға жеке-жеке көңіл бөлді. Вакцина алғаннан кейін де денсаулық көрсеткіштерін өлшеп, жарты сағат көлемінде қатан бақылауда ұстады. Екпе алған барлық оқушылар жағдайларының жақсы екендіктерін айтып, басқа сыныптастарына да қорықпай, вакцина алуға, індетпен бірге күресуге кеңес беретіндіктерін жеткізді. Сонымен қатар екпе алу бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары да қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. 24 қараша күні "Достық" балалар мен жасөспірімдер шығар-

машылық орталығында балаларды вакцинациялау бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін жиналыс ұйымдастырылды. Жиналысқа қалалық аурухана меңгерушісі Г.Мондыбаева, білім бөлімінің басшысы Г.Касимова және санитар-эпид басқармасының бөлім басшысы А.Бакеев қатысты. Ата-аналар вакцина бойынша өз сұрақтарын қойып, аталмыш мамандардан жауаптарын алды. Денсаулық – зор байлық демекші өзімізді және өз отбасымызды осы жаман індеттен бірге қорғайық!

«Приозерск қаласының Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»



Жаныңда жүр жақсы адам



Қарағанды облысы, Приозерск қаласының құрметті азаматы

Кенес Жексенбекұлы Жалмұханбетов, 1936 жылдың 4 қарашасында, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бурылбайтал ауылында дүниеге келген. Аталары Таңбай, Жаныбай қазақ еліне белгілі батырлар. Үш жүздің сол кездегі игі жақсыларының ұйғаруымен Таңбай батыр Түркістан қаласындағы халқымыздың қасиетті пантеонына арулап жерленген. Әкесі Жексенбек ақсақал да халқына қалаулы, еліне елеулі болып, Жамбыл облысындағы Күйбішев (Бурылбайтал ауылы) ауылдық Кеңесінің төрағасы болып көп жыл бойы қызмет атқарған. Анасы Қадияша Мақанқызы да еліне сыйлы, қажырлы, немере-шөбере сүйген бақытты ана, ақылшы әже болған. Олар өздерінің ұзақ өмірлерінде ешкімнің ала жібін аттамай, өздерінің әулетінде, тұрмыс құрып, қызмет еткен мекендерінде барша халыққа үлгі болған жандар. Туған-туысқа, құда-жежаттарға сыйлы, қоғамға да қажырлы еңбектерімен абыройлы болған зилы жандар. Өздерінің парасатты мінез-құлықтары мен күнделікті іс-әрекеттерімен күллі Балқаш өңіріне үлгілі отбасы бола болды. Сондықтан, ұрпақтары олардың рухани аруақтарына бас иіп, мақтаныш етеді.

Кенес аға 1959 жылдан 1962 жылға дейін Қазақстан магниткасының бірінші Домна пешінде горновой болып Қазақстанның тұңғыш шойынның берген, одан кейін Ішкі Істер министрлігінде қызмет атқарған. 1968 жылы КазГУ-дің заң факультетін бітірген. Соны жылы, тек Москваға ғана бағынатын Қарағанды облысы Приозерск қаласындағы арнаулы соттың төрағасы, 1981-1986 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьясы, Алматы қалалық Әділет басқармасының бастығы, одан Торғай облыстық сотының төрағасы, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьясы, Алматы облыстық сотының төрағасы. 1996-2004 жылға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Қылмыстық істер алқасының судьясы. 2004 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. Судьялар отставкасына шыққаннан кейін, көп жыл бойы Қазақстан Республикасы Ардагер судьялар кеңесінің төрағасы болды.

Кенес Жексенбекұлының жұбайы Алтын Мамбетқызы Көпбаевамен 1960 жылы 14 қыркүйекте Теміртау қалалық АХАЖ-да № 1000 санмен некеге отырған. Алтын апайымыз Алланың нұры жауған Нұра жерінің тумасы. Елімізге белгілі қоғам қайраткері, бір туар азамат Оралбай Абдыкаримовтың жақын туысы.

Алтын Мамбетқызы басқарған ансамбль 1960 жылы «Қазақстан Магниткасының ән мен би халық ансамблі» деген атаққа ие болады. 1960 жылы Алматыдағы Республикалық фестивалде бірінші орын алып қайтты. Алтын Мамбетқызы басқарған хорға қатысушылардың саны жүзден асады. Сол уақытта ҚР Орталық Комсомол Комитетінің жолдамасымен келген комсомол жастар Қазақ Магниткасын тұрғызуға әр тараптан келген жастар еді. Ия, сол кездегі Теміртаудағы жастарды нағыз құрышпен қайнап өскен деуге болады. Ол уақытта қиындық көп болды, бірақ ержүрек азаматтар бәрін жеңіп, Сарыарқа өңірінде Қазақстан Магниткасын орнатып, Қарағанды металлургия зауытын іске қосты. 2010 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Магниткасының 50 жылдығы болды, көптеген жолдастармен кездесу болды. Уақыт өзен

ЖҮРЕГІ – АЙНА, КӨңІЛІ - ОЯУ КЕҢЕС АҒАМЫЗДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

дегендей, өз ағымымен жылжи береді. Алтын Мамбетқызы жолдасы Кеңеспен қол ұстасып, қызмет бабымен Қазақстанның көптеген облыстық орталықтарында қажырлы еңбек атқарды. 1992-2002 жылдар аралығында Алтын Мамбетқызы Сара Алпысқызының «Бөбек» қорында кеңесші болып қызмет атқарды. Еліне қадірлі де құрметті ана, ақылшы әже. «Бөбек», «Ақбота» қорларында мүгедек және жетім балаларға қайырымдылық жасаған көптеген акцияларға қатысып, алғысқа бөленіп жүрген абзал адам.

Сонымен, Алтын Мамбетқызы мен жан құрбысы Сара Алпысқызымен бірге осы уақытта дейін қайырымдылық пен мейірімділік дәнін себуде. «Бөбек» қорының құрылуы да осы адамдардың бойындағы асыл қасиеттің жемісі. Бүгін Алтын Мамбетқызы – қажырлы, бақытты адам, сүйікті жар, немере-шөбере сүйген бақытты ана, ақылшы әже.

Армансыз адам болмайды. Әркімнің-ақ көкірегін өзіне сай арман әлдилейді. Бірақ кез келген адамның арманға жете алмайтыны тағы бар. Асқақ арманға жету үшін алдына айқын мақсат қоя білу, осы мақсатты орындау жолында пенделілік керітартпа дағдылардан арылып, төзімділікпен тер тегу, өзін өзі бағалай алатын қажырлы жандардың ғана қолынан келмек.

Кенес Жексенбекұлының жүріп өткен өмірі мен атқарған қызметін саралап айтсақ, жас ұрпақтарға үлгі болар көптеген мысалдар айтуға болады. Би аға сот саласында жауапты қызметтерде қатардағы атқарушы болып қана қалған жоқ, керісінше, қандай істе болса да бастамашы бола білген бір туар, елімізге белгілі тұлға. Өйткені, жас жүрекке ұя салған балаң арманы өзімен бірге есейіп, қандай қызметте жүрсе де тыным таптырмады. Сол себепті өзін өзін өзі үнемі камшылап, алға жетелеумен болды, санасына әмір бере алды, ең бастысы

келетіндер бар ғой. Осы орайда, ғұмырлық тәжірибесінен сабақ алар келер ұрпаққа жұғысты болсын деген ниетпен кемел азаматтың өткеніне үңіліп, барлау жасайық. Би ағамыздың өмір жолын баяндау, «Болмасан да ұқсап бақ» деген Абайдың сөзін ту қылып, жас кезімнен Кеңес ағамдай боламын деп, артынан ерген әрі жерлес, әрі әріптес ретінде өзімнің азаматтық парызым деп ойлаймын.

Тарих - тамырлы, өткені терең, зердесі – биік, елдің ертенгі ұрпағы – ұлтын, ата-бабасын, ұшқан алтын ұя мектебін әмәнда мақтаныш етері сөз-сіз. Уақыт шіркін бір орнында тұрмайды ғой, аяулы әке, асыл жар белгілі қоғам қайраткері, заңгер Кеңес аға 2021 жылдың 4 қарашасында 85 жасқа толды.

Кеңес ағамыздың өткен өмірін ойлап қарасаң, өмірлік жолы кілең бір кілт бұрылыстардан, оқыс өзгерістерден тұрады екен. Жиырмадан жаңа асқан кезі еді. Бір қараған адамға жағдайы дұрыс, Шоқпар стансасында ауылдық Кеңестің білдей хатшысы. Әке-шешесі жанында, тұрмыстары да жаман емес. Бірақ іштегі жалын атқан жастық жігер бұны байыс таптырмады. Сөйтіп жүргенде баспасөз бетінде Қазақстан Магниткасын салуға жастарды шақырған хабарландыру шыға келсін. Қалтаға комсомол жолдамасын төрт бүктеп салып алып, сағым қуған сайын дала төсін түлетуге бұл да аттанады. Әкесі Жексенбек пен анасы Қадияша ақ батасын беріп, ақжол тілеп қала берді. Әл-пештеп өсірген ата-анасының батасы жұғысты болды ма, Сарыарқаға алып келген сол бір соқпақ кейіннен сәтті жолға айналып, талай биіктерге көтерді. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін әдетінің арқасында құрдастарының арасында беделді болды.

Теміртауға келген соң, олардың арасынан 120 адамды іріктеп Магниторскіге оқуға жіберді. Оқу аяқталар тұста әлгілерден



Президент қабылдауында Конституциялық Соттың судьялары 1994

өз өмірін өзі орындауға күш-қайраты жетті. Адамның ұзақ өмірінде кездесетін қиын-қыстаулар басты қиындық емес, басты қиындық адамның өзі, кез келген адамның бойынан табылатын пенделік осалдықты ысырап тастап, өзін өзі жеңе алуы. Олай болса Кеңес аға Абай айтқан бес дұшпаннан қашық жүріп, бес асыл іске асық болған, барлық қажыр-қайратын сол асқақ арманға жетуге сарқып жұмсаған және арманына жеткен қайраткер.

Иә, үлкен жолды адамның өткен өміріне зер салып қарайтын болсақ, оның иірім-иірім тұстары көп, күрделі кезеңдерді бастан өткерген толағай тұлғалы азамат екендігіне көз жеткіземіз. Кеңес ағаның сот жүйесіндегі 35 жылдық ерен еңбегі Қазақ елінің игілігіне жұмсалып, мемлекеттің нығаюына арналды. Республиканың заң саласындағы білікті, тәжірибелі, иә, маманы ретінде Ел егемендігінің алғашқы тұстарында Негізгі заң - Конституцияның талқылануына, қабылдануына үлкен үлесін қосты.

Рас, мемлекет мүддесіне қызмет етіп, қайраткер атанған азаматтар тұрасында, олардың өмірлік сара жолы жайында білгісі

небәрі табанды-табанды деген 80-дей азамат қана қалды. Аз күндік қиындыққа шыдамай ауылына қайтып кеткен жерлестері үшін талай жер боп ұялғаны бар болатын. Дәл сол кезде Днепродзержинск қаласында да қазақстандық түлектер металлург мамандығын игеріп жатқан. Олардың ішінде Қазақстанның болашақ тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та бар еді. Бұлардың жолы Теміртау қаласында тоғысқан болатын.

1960 жылдың 3 шілдесі Кеңес ағанын есінде мәңгі қалды. Бұл күні дәл сағат күндізгі үште Борис Яговидов бастаған бұлардың бригадасы Қазақстан Магниткасының тұңғыш шойын балқымасын алды. Оның ішінде жас горновой Нұрсұлтан да бар еді.

«Мен Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлымен сол тарихи сәтте бірге болғанымды ерқашан мақтан тұтамын», - дейді Кеңекен жүзі ерекше нұрланып. Ұлы Абайдың: «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», - деген ұлағайты сөзі артында өшпестей із қалдыратын, мәңгі ұмтымайтын іс қалдыратын бір туар

қайраткерлерге арналған. Қайраткер атану тек Парламентке депутат, министр немесе әкім болу ғана емес, қайраткер өз еліне, туған жеріне адал қызмет етіп, артында қалған ізгі істері мен айтқан ұлағайты сөздері естелік болып, ауыздан ауызға жетіп жататын тұлғалар.

Еліміздегі айтулы бұл оқиғаға Дінмұхамед Қонаевтың өзі қатысып, құтықтау сөз сөйлеп, бұларға ақ батасын беріп, бастарына металлургтің кигіз телпегін өз қолымен кигізген болатын. Димекеннің кигізген қалпағы сол тоғыз азаматқа бақ құсы болып қонды. Өздері қорықты жүрген құрышпен қоса қайнап шынығып, олардың аттары ел ауызына ілінді. Бірі құрметті металлург болып, Еңбек ері атанса, екіншісі Жоғарғы Кеңестің депутаты, үшіншісі қоғам қайраткері атанды. Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің тұңғыш Президенті атанып, еліміздің тарихында жаңа бетбұрыс жасады және 30 жыл бойы елімізді тек алға тартып, қазақ елін дүние жүзіне паш етті.

Үш жыл еткен соң Кеңес ағаның өмірінде тағы да күрт өзгеріс болды. Тағы да комсомол жолдамасымен білімді, әрі алдыңғы қатардағы жас азамат ретінде Теміртау қаласының социалистік меншікті ұрлауға қарсы күрес бөлімінің (СМУҚКБ — ОБХСС) қызметкері болып бірақ шықты. Бұл өзгеріс оның өмір жолын біржола айқындап берген еді.

Онда біраз тәжірибе жинақтап, көзге түскен соң, бұған тағы бір ұсыныс көлденең тартылды және анау-мынау емес, Ішкі Істер Министрінің орынбасары генерал Ахмет Тұмарбековтің өзі қолқа салды. Ахметтей ағасының меселін қайтаруға дәті бармады. Оның үстіне баратын жері өзінің туып-өскен өлкесіне бір табан жақын еді.

Сонымен, тағдыр енді мұны Бетпақтың төсіндегі жабық, әрі құпия әскери қала Приозерскіден бірақ шығарды. Жап-жас аға лейтенантқа тікелей Мәскеуге ғана мойын ұсынатын әскери адамдардың ортасында СМУҚКБ тізгінін тең ұстап отыруы оңайға соққан жоқ. Шендері де жоғары, шіренсе шідер үзгендей ығай мен сығайдың арасында адал қызмет атқарды.

1968 жыл мұның өмірінің тағы бір жаңа парағын ашты. Сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген еді. Сондықтан, Жоғарғы соттың басшылары оны білімді заңгер ретінде сот саласына қызметке шақырған болатын. Осыдан кейін арнайы соттың төрағасы болып, қияндағы Шалғиядан (Қарағанды облысы) бірақ шықты. Мұнда да небір қиын істің қиюын тауып, қияметтің қыл көпірінен талай етті.

Осы жерде жақсы сот қызметкері ретінде көзге көрініп, өзі қызмет атқарған Приозерск қаласына арнайы соттың төрағасы болып оралып, тағы да сол жерде он шақты жыл еңбек етті. Ол кезде Приозерск қаласы тікелей Москваға бағынатын жабық, әрі құпия қала болатын. Қалада бар-жоғы 2-3 қазақ отбасылары болатын және солардың ішінде жауапты қызмет атқарған Кеңес аға ғана болатын. Мұның «Кеңес» деген атының шыққаны сол жылдар. Екпінді алғашқы «е» әрпіне түсіріп: «Кеңес келе жатыр!» - десетін ұрписіп. Соның бәрі қара қылды қақ жарған әділдігі мен адалдығының арқасы еді. Одан кейін Кеңес ағамыздың еңбегі ескеріліп, сот жүйесінің үлкен шаңырағы Жоғарғы сотқа бірден қызметке шақырылды. Беделді-ақ орын. Бірақ қылмысқа қарсы майданның алғы шебінде жүріп үйреніп қалған Кеңес Жексенбекұлы Жоғарғы соттың басшылары Торғай облысы ашылғанда үлкен сенім арттып, облыстық соттың тізгінін қолына алады. Торғай бір жабылып, қайта ашылғанда да Кеңес аға сол жерден тағы да табылды. Бір кезде өзі құрған облыстық сот тоз-тоз болып кеткен екен, үлкен іскерлік көрсетіп, шаңырағын қайта көтерді. Жаңа қызметкерлер тәрбиеледі. Кеңекен Серік Ақылбай сияқты бір кездері өзі шындаған шәкірттерімен Жоғарғы соттың биік шаңырағы астында бірге қызмет атқарды. Ал елімізге белгілі заңгер Серік Ақылбай Парламентте сенатор және жай ғана сенатор емес, Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы болды.

(соңы 7 бет.)



ЖҮРЕГІ – АЙНА, КӨНІЛІ - ОЯУ КЕҢЕС АҒАМЫЗДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

(соңы басы 6 бет.)

Торғай облысынан кейін, Кеңес ағамыз Алматы облыстық сотының төрағасы болады. Үш рет қатарынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьясы атанды. Иә, айта кету керек, 1992-1995 жылдар аралығында, жоғарыда айтылғандай, мемлекеттіліктің алғашқы жылдарында Конституциялық соттың судьясы қызметін атқарды. Одан кейін, Парламенттің жоғары Палатасына сенатор болып сайланды. Көпшілікке белгілі жайт қой, сын сағатында тұрған, елдігін сақтап қалуға бар күшін жұмсаған Қазақстан үшін дәл сол шақта көрген-түйгені мол, жоғарғы білімді мамандар қажет болды. Міне, сол сәтте Кеңес ағадай сарабал азаматтар бой көрсетіп, мемлекет іргесінің бекуіне септігін тигізді.

Кеңес ағамыз бұл күнде мерей жас 85-ге толып отыр. Бұл өмірден көргені де, түйгені де көп. Бір кезде құрыш қайнатып, болат шындаса, енді бар білгенін басқаға үйретіп, жастарды баулудан бас тартқан емес. Жоғарғы соттың ұжымы бұл кісіні «Біздің ақсақал» деп ардақтайды. Аға тұтып ақыл сұрайтындар да жетерлік. Кеңес ағаның азамат ретіндегі басты ерекшелігі: қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі, парасаттылығы мен мәдениеттілігі, туған-туыстарына деген мейірімділігі. Бір ауыз сөбен айтқанда қазақтың нағыз зиялы азаматы.

Жұбайы - Алтын Мәмбетқызы Астанадағы «Ақбота» қорында жетім бүлдіршіндерге аналық, әжелік шуақ шашып жүр. Ол кісімен сол Теміртауда табысқан. Онда Алтын жеңгеміз консерваторияны енді бітіріп келген жап-жас қыз болатын. Қазақстан Магниткасының ән-би ансамблі басқаратын. Хор, ән-би, домбырашылар үйірмесін құрып, жарқылдап жүрген кезі. Бұлар хорға қатысады. Клара, Сара, Барқыт, Марио деген қыздар жеке дауыста ән салады. Сондағы сызылтып ән салатын Сара - қазіргі «Бөбек» қорының төрайымы Сара Алпысқызы Назарбаева. Жан-жағына шуақ шашып, әрдайым жетім-жесірлерге көмектесіп келеді.

Кеңес аға - ұлын ұяға, қызын қияға қондырған құтты шаңырақ иесі. Ұлы - Арман болса ата жолын қуған мұрагері, бұл күнде полиция генерал-майоры. Еліміздің Ішкі Істер Министрлігінде жауапты қызмет атқарады. Немересі Әмір де атасының жолын ұстап, заңгер болды. Немелері - Индира мен Сабина да жауапты қызметтерде.

Марқұм қызы - Гүлмира педагог-тәрбиеші еді, кемелденген жасында қайтыс болып кетті, артында тұяғы - ұлы Альмир қалды.

Кеңес өмір бойы әділдіктің арашашысы болып келеді. Оның қолынан көп

жылдық судьялық қызметінде жылына жүздеген, мыңдаған істер өтті. Қатардағы судья емес, қалалық, облыстық соттың төрағасы, Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Қашанда төрелік айтарда таразы басын тең ұстауға тырысты. Оған қажыр-қайраты мен көп жылдық тәжірибесі де көмектесті. Қателесуге еш қақысы жоқ еді. Өйткені, әр істе адам тағдыры бар болатын. Ардақты еңбегі еленіп, мемлекеттің «Құрмет» орденімен тағы басқа да көптеген мемлекеттік медальдармен марапатталды.



Сот саласының білімді маманы, белгілі заңгер, бір туар азамат Кеңес аға енді міне көп жылғы көрген-білгенін қағаз жүзіне түсіре бастады. Құқыққорғау саласында және сот жүйесіне енгізілетін реформалар жайында жүйелі түрде газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрады. Әсіресе ол кісінің сот төрелігін атқарудағы судьяның тәуелсіздігі, сот төрелігіне қандай да болмасын тыйым салынатыны, соттардың атқарушы билік органдарынан тәуелсіз болуы, сот төрелігін атқаруды неғұрлым жоғары деңгейге көтеру, судьялар мәртебесі мен соттардың мамандандырылуы, судьялардың және сот саласының зейнеткерлерінің материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету шаралары және Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдылық күші бар 1995 жылғы Жарлығына және 2000 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгеріс-

тер мен толықтыру енгізу жөніндегі сүбелі ұсыныстары мен ой-тұжырымдары өте құнды.

Осы жылдар арасында ағамыздың үш бірдей кітаптары жарық көрді. Ол еңбектерде 1955-2012 жылдар арасындағы қатарлас жүрген азаматтардың адамгершілік қырлары баяндалып, тәуелсіз ел азаматтарын Отан сүйгіштілікке, шындық пен әділеттілікке баулиды. Бұл шығармалардың келешекте ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар, себебі өскелең ұрпақ өзінің шыққан тегі мен негізін білу керек. Кітаптарда жазылған деректер сонау ата-

бабаларымыздың елін, жерін қорғап, өздерінің биік, таза, рухани қасиеттері мен мәдениетін, тілін, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын сақтаудағы ерліктерін көркемдеп көрсету, теңдесі жоқ ізгі ниет екенін көрсетеді.

Әсіресе, Кеңес ағамыздың 2010 жылы шыққан «Ғасырлар белесі» кітабының жалғасы, 2012 жылы жарық көрген екінші кітабында көшпенділер жайындағы тарихи шындық пен қазақ халқының ұлы хандары, атақты билері мен батырлары туралы құнды тарихи деректер бейнеленген.

Көпшілікке ұсынылып отырған бұл кітап бірнеше ғасыр өмір сүрген, қазақ халқының тарихы, қазақ ұлтының қаһармандары - хандары, билері, батырлары және қоғам қайраткерлерінің өмірлері, Қазақ хандығының саяси құрылымы және ондағы би-батырлардың саяси қайраткер ретінде алатын орны, қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы және оның өзегі мен бастаулары, сол кездегі қазақ игі жақсылары, және өзінің өнегелі өмір соқпағы, кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалатын ауқымды істері туралы сыр шертеді.

Жаныңда жүр жақсы адам

Ел аузындағы тарихи деректер мен аңыз-әңгімелер, сондай-ақ ата-бабаларымыздың ұлағаттары сөздері, өлең-жырлары және мұрағат қорлары да кеңінен пайдалынған. Кітап мазмұны тек өмірбаянмен ғана шектелмейді, онда Қазақстан тарихына қатысты тарихи тың деректер мен ұлттық құндылықтар да молынан суреттеледі. Кітаптың өзегі: салт-дәстүр. әдет-ғұрып, тіл-тағылым, жөн-жоралғы, ілім-білім, тәлім-тәрбие, тылсым-табиғат, тарихат-тәбірік, деректер мен дәйектер. Кітап тарихшыларға, заңгерлерге, жалпы ата-баба тарихын білуге құштар оқырман қауымға арналған.

Кеңес ағамыз Абайдың: «Сөз түзелді, тындаушы сен де түзел!» - деген әдебиетке көркемдік, танымдық құндылықтарымен қоса, халық тәрбиесіне қатысты азаматтық жауаптылықты жүктеп отырған асыл сөздерін басшылыққа алды. Көркем әдебиет ұлттық мүддеге қызмет ететін басты құрал және азаматтық парыз, бұл іске заңгерлердің де ат салысуға қақысы бар және хәм міндетті.

Кеңес ағамыздың жүріп өткен жолы бір тарихи құбылыс. Өйткені, Кеңес ағаның туған өлкесі - Балқаш өңірінің көздерінде жалын, кеуделерінде дарын бар балалары: «Болмасаң ұқсап бақ...», - деген Абайдың сөзі ту қылып, өскенде Кеңес ағамыздай сот боламыз деп алдарына мақсат қойды және сол арман-мақсаттары оларды алға сүйреді.

Мен де жас кезімнен Кеңес ағамдай заңгер боламын мақсат қойдым, сол мақсатпен заң факультетіне түсіп, 20 жылдай Ішкі Істер саласында қызмет атқарып, полковник шенін алып, сот саласына ауыстым. Осы алға қойған мақсатымды мен Астана қаласының Салтанат сарайында Кеңес ағамның немересі Әмірдің үйлену тойында халыққа жария еткен болатынымын, ол кезде мен Ішкі Істер Министрлігінде қызмет атқарып жатқан болатынымын. Алла жар болып, аруақтар қолдап, енді міне Кеңес ағамдай сот саласында халқыма адал да, абыройлы қызмет атқарып жатырмын.

Саналы өмірінің ширек ғұмырын қазақ елінің игілігіне, оның құқық-қорғау саласына, сот жүйесіне арнаған ұланғайыр еңбегі, халқына адал берілген махаббаты Кеңес Жексенбекұлы Жалмұханбетовті қалың нөпір көштің ішінен алдыңғы легіне алып шықты. Бүгінгі күні Абай айтқандай «Жүрегі - айна, көңілі - ояу» Кеңес ағамыз - елдің сот қайраткерлерінің алдыңғы қатарынан ойып орын алған әділет, заң сардарларының бірі.

Абыз ағамызға 85 жасқа толуына байланысты, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт пен шаттық тілеймін!

Ж. Шөженов,
Қарағанды қаласының
Қазыбек би аудандық сотының
судьясы

...Өз тіліңді құрметте!

*Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.*

Ғ. Мүсірепов

Қазақ тілі жоқ халықты - «тұл» деп атайды. Қазақ тілі - «еліміздің мемлекеттік тілі» ретінде Конституцияда заңдастырылған. Ана тілі ана сүтіндей өте қасиетті. Тілсіз білім жоқ, ал білім - өмірдің шырағы. Соған орай қазақ «Білім кілті - тіл» деген мақал бар. Бұл әдебиетті, ғылым білімді мәдениетті өркендетеді деген ұғым. Мемлекеттік тіл - татулық пен бірліктің тірегі. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Тілді үйрену - өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ойын, жан-дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады.

Қазақ тілі - елдің қазынасы. Тіл - көңілдің бұлағы, ой - қоңырауы. Қазақ тілінің шырыны - бабалар өсиеті. Қазақтың тілі - шексіз мұхит секілді, күллі әлемді қамтыса да бояуы өңбейді, әлемдік тілдермен теңестіре қалса, ноктасын бермейтін ұлы тіл. Қазақ тілі - ұлтымыздың мақтанышы, елдің айнасы. Ұлтымыздың асыл қасиеті мен тек-

ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІ - ҚАСИЕТТІ ТІЛ

тілігін дәріптеп, жеткізуші де ана тілі. Тіл беделі - ұлт мерейі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде: «Ана тілінен

мемлекет. Адам өз ұрпағы үшін өмір сүреді, ұрпағымен мың жасайды. Әр жас тұлға тәрбиені алдымен отбасынан алады. «Ұяда не

тіктемей жатып, туған тілімен сусындаса, сол тілдің арқасында елдің тарихын, шежіресін, сөз киесін түсініп, ұлттық құндылықтардың бәрін есітіп, көңіліне тоқып өседі. Сондай ортада есейген тұлға, өз тілінің де, өзге тілдің де бағын аша біледі.

Қазақтың тілі - тектіліктің тұғыры, ол ұлттық намыс пен рухтың қайнар көзі. Ана тілді жетік меңгермеген ұрпақ, қазақы мінездің қадірін аяқ асты етеді. Туған елінің, өскен ортаның тектілігіне көзін жеткізе білген жан, ешқашан аңғалдыққа жол бермейді. Ата тарихты айызы қанып жетік білген қаны таза әр қазақ, «Мен қазақ болып туғанымға қуанамын», - деп мақтанышпен жар салып жатса, шіркін! Қазақ тілі дәл сондай сезімге лайықты тіл! Менің жүрегім үнемі осындай мақтанышпен соғады. Әр қазақ жалғызым деп ана тілін аяласа, елдің мәртебесі асқақтап, өсері көбейеді, ұрпақтың жұлдызы биікте маздамайды. Мәңгілік ел болуды мұрат еткен елбасымыз келер күнге көрегендікпен болжам жасайды. Ұрпақтың сауаттылығы мен парасаттылығы, қазақ елінің ертеңіне шексіз пайдасын тигізетінін күмән келтірмейді. Бұл қазақ тілінің әлемдік қарым-қатынас тіліне айналуына себепші болса игі. Тегіміздің тегін еместігі, тіліміздің өшпейтіні ақиқат. Қазақ тілі туған тілім екендігіне өте қуаныштымын және мақтан етемін.

Исиркова Г.И.,
«Балақай» бөбекжайының әдіскері



артық қазақ үшін, бұл дүние де қымбат не бар екен!» - деген болатын. Қандай тауып айтылған ұлағат! Әрбір отбасы - өз алдына бір кіші

көрсен, ұшқанда соны ілесің» деп ұлағатты ой саптау да, уыз тәрбиенің ықпалының құнын байыптап береді. Жас бөбектер кеудесін



Сүйінші!!!

Фестиваль жеңімпаздары

ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Еліміз тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» атағымен марапатталып, өзі қызмет ететін «Айналайын» балабақшасы ұжымының ғана емес, қаламыздың абырой-беделін асқақтатқан жерлесім, рухани інім Марс Әбуұлы Сүлейменовтің марапатталуы туралы қуанышты хабарды естіген бойда оның телефон нөміріне қоңырау соғып, жеткен жетістігімен құттықтадым. Біраз тақырыптың басын шалып, әңгіме-дүкен құрдық. Жақсы жаңалықты газет оқырмандары мен қала тұрғындарына дер кезінде жеткізуді мақсат етіп, осынау қуанышты жария етуге асықтық. Әлеуметтік желі арқылы бұл сүйінші хабар сол күні-ақ еліміз бойлап таралып кетті.

Ел тәуелсіздігінің отыз жылдығымен қатар, биыл шетте жүрген қазақ бауырларымыздың тарихи Отанына алғаш көш басын түзгеніне де отыз жыл толған үлкен де, маңызды тарихи оқиға. Сонау жырақта қалған 1995-жылы Марспен қатар айдынды да, сұлу Балқаш көлінің жағасында орналасқан Приозерск (Қоржынтүбек) қаласына көшіп келген едік. Екеуіміз де өнерге жақын, ән мен жырдың жанашыры болуымыз біздің аға-інілік хәм достық қатынасымызды бұрынғыдан да нығайта түсті. Мен Марсты бұрыннан білемін. Марстың әкесі Әбу ақсақал әкеміз досы әрі біздің Далақұдық ауылындағы мектептің директоры болып қызмет атқарып жүргенде ата-анамызбен құдайы көрші болған. Сол ауылдық мектепте оның ұстаздық жолдағы алғашқы қадамы басталған еді. Ұзақ жылдан бері танытын Марс інімнің мұндай атаққа әбден лайықты екенін бір кісідей білетінін адамның бірі менмін. Қаладағы «Айналайын» балабақшасында музыкалық жетекші болып қызмет ететін оның бүлдіршін шәкірттері қала, облысты былай қойғанда, республикалық деңгейдегі балалардың өнер байқауларын бас жүлдемен, бірінші орынмен оралғанын талай мәрте газетке жариялап отырғамын. Газеттің басты мақсаты да қаламызға қатысты жақсы жаңалықтарды уақытында сүйіншілеп, оқырман құлағына жеткізу ғой. Мұндай мадақтаулар өзгелерге үлгі-өнеге болуымен қатар, басқалардың да жігерін жаниды және марапат иесінің ынта-ықыласын арттыра түспек.

Қалада өтетін барша шаралардың басы-қасында жүретін Марс Әбуұлы қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырушысы және ұйтқысы деуге болады. Бұрыннан «Атамұра» ұлттық этно-мәдени бірлестігінің мүшесі болып келген ол қазір осы бірлестіктің басшысы болып сайланды. Осы күнге шейін де бірлестік жұмысының алға ба-



суына көп еңбек сіңірген оның жетістіктері қала және облыс әкімдіктері тарапынан лайықты бағаланып келді. Бала кезінен домбыра, гитара, баян, барабан аспаптарын меңгерген, әнмен ауызданған Марс елде жүргенде вокалды аспаптар ансамблдерінде, көркемөнерпаздар үйірмелерінде өнер көрсетіп, осы салада шыңдалған жан. Марстың қала мәдениетінің өркендей түсуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Балабақша бүлдіршіндерін өнерге баулып, қанат қатырудағы атқарып жүрген қызметі өз алдына бір төбе – үлкен еңбек екендігіне шүбәмәзіз жоқ. Оның шәкірттері арасынан әлі талай өнер тарландары шығатынына сеніміміз қамыл. Соған тілетеспіз де.

Марс Әбуұлы Сүлейменовті осынау лайықты марапатымен шын көңілден құттықтай отырып, бұдан да биік белестерді бағындыра беруіне шығармашылық ынта-жігер, табыс-жетістік тілеймін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.
Суретте: марапатталу сәтінен.

«ШАБЫТ» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ КЛУБЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалінде «Фольклорлық орындаушылар» номинациясы бойынша жеңімпаздар анықталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, ұйымдастырылған осы ауқымды іс-шараға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімі әскери қызметшілерінің отбасы мүшелерінің өнерпаз ұлдары мен қыздарынан жасақталған «Шабыт» домбырашылар ансамблі белсене атсалысқан болатын. Нәтижесінде, талантты балғын өнерпаздар жүлделі бірінші орынды жеңіп алды.



өнерпаздардың бейнематериалы ресми Youtube арнасында көрермендерден дауыс жинау ұсынылды. Қорытындысында өнер сүйер көпшілік қауымнан ең көп дауыс жинаған «Шабыт» домбырашылар ансамблі «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалінің «Фольклорлық орындаушы-



Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының домбырашылар сыныбында дәріс алып жүрген әскери қызметшілердің өнерлі ұлдары мен қыздары халқымыздың ұлттық өнерін үйренуден бір сәтке де қол үзген емес. Таудай талаптары бар талантты өнерпаздарға қосымша білім берудегі домбырашылардың жетекшісі Айман Нұртаева шәкірттерінің жеңісіне қуанышты екенін жеткізді.

Көпшілік елге танымал күйші А.Еңсеповтың «Әке толғауы» күйін орындаған

лар» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Биылғы «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі егеменді еліміздегі өсіп келе жатқан келешек жастарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың бойына жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттерді дарыту мақсатында ұйымдастырылып өткізілді.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизоны
баспасөз қызметінің бастығы

Жарнама тілі

Ономастика жүйесі – кез келген қоғамның ажырамас бөлігі, тіл саласының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Ал ономастиканың негізгі тармағы – жарнама тілі.

Қоғамдық жерлерде орналасқан әр қазақша аталған нысан атауы – қазақ тілінің байлығын, бейнелілігін, мәртебесін насихаттайтын құрал. Сондықтан, көрнекі ақпаратты заңнамаға сәйкес дұрыс жазу, түптеп келгенде, елімізді, ұлтымызды, тарихымызды құрметтеу деп түсінгеніміз абзал.

Приозерск қаласында тоқсан сайын «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық!» атты облыстық айлық аясында рейд жүргізіліп отырды. Бұл рейдтің мақсаты – қаладағы жарнама, маңдайша жазулары мен көрнекі ақпараттың қатесіз жазылуын зерделеу, әдістемелік көмек көрсету, ретке келтіру.

Қаламызда көрнекі ақпарат пен жарнамалардың жалпы саны - 440, оның 180-і - әлеуметтік жарнама болса 260-ы коммерциялық жарнама.

Жыл көлемінде өткізілген әдістемелік көмекпен қамтылған жарнамалар саны – 330. Тұтынушыларға арналған ақпараттардың арасында қателік орын алған жарнама-

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМАЛАРДА ТІЛ НОРМАЛАРЫН САҚТАУ

лардың саны – 2, екеуі де түзетілді.

2021 жылдың 26 ақпанында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен ZOOM платформасы арқылы «Сауатты жарнама – қала көркі» тақырыбында онлайн семинар өтті. Аталған іс-шараға Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының Приозерск қаласындағы филиалының директоры Ф.Сабинов және қала кәсіпкерлері қатысты. Семинар барысында көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнамалардың Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және «Жарнама туралы» Заңдары талаптарына сай рәсімделіп, орналасуы бойынша қойылатын талаптар жөнінде ақпарат берілді.

Ағымдағы жылдың 16 маусымында бөлімнің әлеуметтік желідегі instagram парақшасында «Көрнекі ақпарат пен жарнамаларда тіл нормаларының сақталуы туралы» тікелей эфир өткізілді.

Сонымен қатар, көрнекі ақпараттар мен жарнамаларда орын алатын қателіктерді

түзету және алдын алу мақсатында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанынан тегін консультациялық көмек көрсететін «Жедел желі» («Callcenter») құрылды, бұл желінің жұмысына жауапты маман бекітілді, арнайы телефон нөмірі (5-33-19) белгіленді.

Құрметті кәсіпкерлер, өз нысандарыңызда көрнекі ақпараттарды орналастырмас бұрын Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен көрнекі ақпараттың Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21 бабына сәйкестігін тексеріп отыруларыңызды сұраймыз.

Көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнамаларды рәсімдеуде, орналастыруда басшылыққа алатын қолданыстағы заңнамалар:

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 21 бабында:

«...Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, преискуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат

мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады. ... Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады.» - делінген.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 75-бабы:

Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыруда тіл туралы заңнама талаптары бұзылса:

Ескерту.

Ескерту қайталанса айыппұл салынады:

-5АЕК – лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;

-10 АЕК – орта кәсіпкерлік субъектілеріне;

-25 АЕК – ірі кәсіпкерлік субъектілеріне салынады.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»

ММ

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 47/743. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041